

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Журналистиканың дамуындағы әлемдік үрдістер

ЖАРИЯЛАНДЫ
04.12.2023СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/147523/

Журналистика әлемдік мәдениеттің маңызды бөлігін құрайды және шығармашылық пен саясаттың феномені және қазіргі өркениеттің маңызды бөлігі болып табылады. Журналистиканың даму тарихы XVIII ғасыр басында Еуропада басталды. Қазақстанда бұл құбылыс бір ғасырдан кейін басталса, өзге елдерде әр түрлі уақытты қамтиды. Уақыт өткен сайын журналистиканың маңызы артуда және ол қуатты идеологиялық күш. Журналистика қоғамдық ойдың дамуына, экономиканың өркендеуіне үлес қосып, мәдениеттің бір бөлігі ретінде рухани және материалдық мәдениеттің дамуына белсенді араласуда.

Қазіргі журналистиканың даму үрдісі мен ақпараттық кеңістіктің жаһандануы әлемнің барлық елдерін қамтып, экономикалық және саяси қарым-қатынастың жедел өсуіне әсер етуде. Баспасөз, радио және телевизия, мультимедия, компьютерлік желілер мемлекет пен континентті жақындастырып, миллиондаған халықтың үйіне енді. Ақпараттық ағым қоғамдық басқару үрдісінің тетігіне айналып, оған билік басындағылар, саяси билікке таласушы топ та жүгінеді. Онымен қоса бизнес заңы бойынша өнеркәсіпте, өңдеу саласында, саудада ақпарат тарату нормалары мен ережелері күшеюде. Газет немесе журнал шығару, телевидение мен радионы иемдену тікелей табыс әкеле қоймайды, бірақ оның өзіндік пайдасы бар, жақсы имидж қалыптастырып, қоғамдық пікір қалыптастыруға, бұқараны тәрбиелеуге көмектеседі. Бұқаралық ақпарат құралдарының, коммуникациялық үдерістің қарқыны дамыған сайын адамның өзіне, жеке өміріне, әлеуметтік өзгеріске массмедиа қатты ықпал етеді. БАҚ-тың қалыптасуы мен дамуы, әр елдегі демократияландыру мен мемлекеттік жүйенің өзгеру кезеңімен қатар жүреді. Шетел БАҚ-тарының тәжірибесі ақпараттық кеңістіктің жаһандану шарттарын қалыптастырды. Журналистиканың дамуы, қоғамдағы әлеуметтік-саяси және экономикалық үдерістен, техниканың, ғылымның ішкі логикасы дамуымен тығыз байланысты. Қазіргі шетел журналистикасының жан-жақты дамуының ортақ тенденциясында ұлттық ерекшелік әлі де сақталып отыр. Баспасөз, радио және теледидардың коммерциялануы, жаңа ғылыми-техникалық табыстардың барлық жерде

енгізілуі, Батыс, Шығыс және Орталық Еуропа, Америка, Азия елдерінің БАҚ-ның алдына күрделі мәселелер қойды. Дамушы елдердегі БАҚ-ты модернизациялау үдерісі әртүрлі пішінде дамып, бұқаралық ақпарат құралдары мен коммуникацияның дамуына, сол елдің идеологиялық бағытына ықпал етуде.

Тарихи зерттеудің деңгейі екі фактормен анықталады: біріншісі, зерттеу мәліметтерінің толық болуы, екіншісі, материалды зерттеудегі әдістеме. Көп жылдар бойы идеологиялық бағыттағы журналистика қамтылып, шетел журналистикасы курсы құрайтын мәліметтер толық болмады. ХХІ ғасырда шетел журналистикасы туралы жаңа мәліметтер алуға мүмкіндік туды. Бірақ бұл барлық мәліметтер зерттелді деген сөз емес, әлі де қамтылмаған көп мәселелер бар. Журналистика тарихы мен теориясын зерттеу логика, принцип, әдістемеге негізделеді. Бұл жүйеде теорияны ұғынудағы әмбебап принцип пайдаланылады. Зерттеу аспектісінде гуманитарлық ғылымдардың әдістемесінің бірі — типологиялық талдау арқылы шетел журналистикасын тарихи-теориялық және логикалық тұрғыдан қарастырамыз.

Негізгі әдістеме тарихи болып табылады. Ол екі негізгі бағытта: синхрондық талдау – журналистік деректі қоғамдық-саяси үрдіспен байланыста қарастырып, диохроникалық талдауда – журналистік деректі елдің ішкі дамуымен байланыста зерттеуді қамтамасыз етеді. Синхрондық талдау баспасөз тарихына негізделіп, әр ел мен халықтың тарихы, қоғамдық қозғалысы қоғамның ажырамас бөлігі ретінде қарастырылды. Мұндай БАҚ қоғамның дамуы арқылы қалыптасады.

Журналистика дамуының әлемдік тенденциясы ақпараттың ғаламдануы әлемдік қауымдастықтың стратегиясын қайта қарастыруға итермелейді. Жаһанданған ақпараттың «аумақтың қажеттілікке» сай келуі БАҚ қоғамдық пікірді қалыптастыру барысында тиімді. Әлемнің барлық мемлекеттерінде журналистер мен экномистердің тығыз байланысы орнығуда. Соңғы жылдары БАҚ-тың экономикалық құрылымы да өзгеріске ұшырады. Жарнама БАҚ үшін ең негізгі қаржылық түсім көзі. Көп мемлекеттерде билік БАҚ-ты тікелей және жанама түрде субсидиялайды. Көп жеңілдіктер беріп, үкіметті жарнамалағаны үшін гранттар тағайындайды. Сондықтан БАҚ-ты өндірістік-қаржылық саланың бір бөлшегі ету БАҚ-тың тұрақтылығын арттырады.

Аяулым НҰРСҰЛТАН

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.